

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

“АСЫҚ ТЕРАПИЯСЫ - БАЛАЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕРІН ДАМУ ТҰРАЛЫ РЕТІНДЕ”ЖАРИЯЛАНДЫ
16.06.2025СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/180830/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Автор: Жумагалиева Шолпанай Жиянбайқызы Жетекші: Султанбекова Жадыра Хамитбековна АСЫҚ ТЕРАПИЯСЫ - БАЛАЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕРІН ДАМУ ТҰРАЛЫ РЕТІНДЕ Асық терапиясы - балалардың ұлттық құндылықтарын дамыту мақсатында қолданылатын әдіс. Бұл...

Автор: Жумагалиева Шолпанай Жиянбайқызы

Жетекші: Султанбекова Жадыра Хамитбековна

АСЫҚ ТЕРАПИЯСЫ - БАЛАЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕРІН ДАМУ ТҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Асық терапиясы - балалардың ұлттық құндылықтарын дамыту мақсатында қолданылатын әдіс. Бұл асық ойынының мәдени маңызын, балаларға ұлттық дәстүрлерді үйрету мүмкіндігін зерттеуге бағытталған. Асық терапиясы мектепке дейінгі және бастауыш сыныптағы балалармен жұмыс істей отырып, олардың арасында ұлттық ойындар арқылы мәдени мұраларды насихаттайды. Негізгі мақсаты — қазақтың ұлттық ойындарының танымалдылығын арттыру, балалар бойында ұлттық мақтанш сезімін қалыптастыру. Сонымен қатар, асық терапиясы балалардың зияткерлік және дене қабілеттерін дамытуға мүмкіндік бере отырып, олардың әлеуметтік дағдыларын жақсартуға да әсер етеді.

Асық терапиясының әдістемелік негіздері мен қолданылатын тәсілдері қазіргі білім беру жүйесінде балаларды ұлттық құндылықтармен таныстыруға бағытталған. Талданатын аспектілер арасында ...

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту маңызды рөл атқарады. Қазақ халқының ұлттық ойыны - асық ату баланың шығармашылық қабілетін, логикалық ойлауын және ұлттық сана-сезімін дамытуға ықпал етеді. Осы баяндамада асық терапиясын пайдалану арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың тиімді әдістемесі қарастырылады.

Асық терапиясы – дене мен ақыл-ойдың үйлесімді дамуына ықпал ететін әдіс. Асық ойынының негізінде денсаулықты нығайту, моторика мен көздің үйлесімді жұмысын жақсарту, мәдени-рухани тәрбие беру жатыр. Бұл әдіс ұлттық мәдениетті ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге, баланың әлеуметтік, эмоционалдық және танымдық дамуына ықпал етеді. Ұлттық құндылықтар – бұл халықтың өзіндік ерекшелігін айқындайтын материалдық және рухани байлықтар жиынтығы. Асық терапиясы тілдік, тарихи және мәдени білімді дамытуға, құндылықтарға құрмет қалыптастыруға, қарым-қатынас мәдениетін жетілдіруге негіз болады.

Асық терапиясын қолданудың бірнеше тиімді әдісі бар. Оқыту барысында асықтарды математика сабағында сандық есептер шығару үшін, тіл дамыту сабағында санамақ немесе мақал-мәтелдер айтуда, дене шынықтыру сабақтарында қозғалыс белсенділігін арттыратын ойындар ретінде қолдануға болады. Сонымен қатар, асық терапиясы топтық жұмыстарды қызықты әрі тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Топтық ойындар арқылы балалар өзара қарым-қатынас жасауды, келіссөз жүргізуді және бір-біріне қолдау көрсетуді үйренеді. Арнайы сабақтан тыс іс-шараларда асық ату жарыстарын ұйымдастыру, қолөнер бұйымдарын жасау немесе отбасылық асық ойындарын өткізу арқылы ұлттық тәрбие беру тиімді болмақ.

Асық терапиясын тұрақты түрде қолдану баланың есте сақтау қабілетін жақсартады, оқу материалдарын меңгеру сапасын арттырады, ұлттық сана мен патриотизмді қалыптастырады. Білім беру ұйымдары мен ата-аналар асық ойындарын оқу-тәрбие үдерісіне белсенді енгізуі қажет. Бұл үшін мектеп бағдарламасына ұлттық ойындарды кіріктіру, ұстаздар мен ата-аналарға арналған әдістемелік нұсқаулықтар дайындау және асық терапиясына қатысты ғылыми зерттеулер жүргізу ұсынылады.

Асық терапиясы – ұлттық тәрбиенің тиімді құралы. Бұл әдісті қолдану арқылы балаларды ұлттық құндылықтарға баулып, олардың бойында қазақ халқының мәдениеті мен руханиятына деген сүйіспеншілікті арттыруға болады.

Асық терапиясы – ұлттық ойын арқылы баланың дамуын қолдайтын тиімді әдістердің бірі. Балабақшада асық терапиясын қолдану арқылы балалардың ұсақ моторикасы, логикалық ойлауы, қимыл-қозғалыс дағдылары мен ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы артады.

Балабақшада асық терапиясын қолдану әдістері:

1. Танымдық ойындар

Түстерді ажырату: Түрлі түстерге боялған асықтарды пайдаланып, балаларды түстерді тануға үйрету.

Сандар мен әріптерді үйрету: Асықтардың әрқайсысына сан немесе әріп жазып, оларды ретімен орналастыру.

Жануарлар әлемі: Асықтарды белгілі бір пішінге қойып, жануарларды бейнелеу.

2. Қимыл-қозғалыс және моториканы дамыту

Асық ату: Балалардың қолының икемділігін арттыру және дәлдікке баулу.

Саусақ жаттығулары: Асықты екі алақан арасында айналдыру, саусақпен домалату.

Тепе-теңдікті дамыту: Асықты аяқтың үстіне қойып, белгілі бір қашықтыққа апару.

3. Психологиялық релаксация

Асық массажы: Балалардың табанына немесе алақанына асықпен уқалау жүргізу.

Асықпен сурет салу: Құм немесе ұнтақталған тұз бетінде асықпен өрнектер салу.

4. Ұжымдық және коммуникативтік ойындар

Асық жинау: Белгілі бір уақыт ішінде кім көп асық жинайтынын анықтау.

Достық шеңбері: Балалар шеңберге тұрып, асықты бір-біріне беру арқылы сөйлеу дағдыларын дамыту.

5. Шығармашылық дамыту

Асықтан мүсін жасау: Желім немесе пластилин көмегімен асықтан әртүрлі бейнелер құрастыру.

Ою-өрнек жасау: Асықтарды ұлттық ою-өрнектерге ұқсатып орналастыру.

Асық терапиясы – балалардың физикалық, психологиялық және зияткерлік дамуына ықпал ететін қызықты әрі тиімді әдіс. Бұл әдісті балабақшада күнделікті іс-шаралармен қатар қолдануға болады.

Ұлттық құндылықтар және олардың бала тәрбиесіндегі маңызы Ұлттық құндылықтар – ұлттың рухани және мәдени болмысының негізі. Олардың қатарына ана тілі, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ұлттық өнер, халықтық педагогика жатады. Бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтардың маңыздылығын бірнеше негізгі аспектілерге бөліп қарастыруға болады:

Тұлғаның қалыптасуы

Ұлттық құндылықтар бала бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады. Қазақ халқында үлкенді сыйлау, кішіпейілділік, адалдық және әділдік сынды қасиеттер әрдайым жоғары бағаланған. Бұл қасиеттер бала тәрбиесінде маңызды рөл атқарады.

Отбасы тәрбиесі

Қазақ қоғамында отбасы – тәрбие мен ұлттық құндылықтарды берудің негізгі ортасы. Отбасы арқылы бала ұлттық дәстүрлерді бойына сіңіріп, рухани байлыққа ие болады. Ата-ана мен ата-әженің тәрбиесі баланың ұлттық санасын қалыптастыруда ерекше орын алады.

Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар

Бала тәрбиесінде ұлттық дәстүрлер ерекше рөл атқарады. Мысалы, тұсаукесер, бесікке салу, сүндетке отырғызу сияқты дәстүрлердің тәрбиелік мәні зор. Бұл дәстүрлер арқылы бала ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде өзін сезінеді.

Тіл және рухани мұра

Ана тілі – ұлттық құндылықтардың негізгі тірегі. Тіл арқылы бала ұлттық сана-сезімін дамытады, мәдени мұрамен танысады. Сонымен қатар, мақал-мәтелдер, жыр-дастандар, халық ертегілері балалардың рухани тәрбиесіне үлкен әсер етеді.

Ұлттық өнер және еңбек тәрбиесі

Қазақ халқының қолөнері, ән-күйі, шешендік өнері балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытады. Домбыра тарту, айтыс, ою-өрнек жасау сияқты өнер түрлері

арқылы бала өз халқының мәдени мұрасына құрметпен қарауды үйренеді. Сонымен қатар, ұлттық еңбек дәстүрлері, мал бағу, қолөнермен айналысу арқылы баланың еңбекқорлығы мен жауапкершілігі артады.

Ұлттық құндылықтар баланың мәдени және әлеуметтік дамуына ықпал етеді. Халықтың тарихы, тілі, әдебиеті, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары арқылы бала өз халқының тамырын, ұлттық болмысын түсінеді. Мысалы, батырлар жырын тыңдау арқылы бала ерлік пен батылдықты, адалдық пен елге қызмет етуді үйренеді.

Ұлттық құндылықтар – балалардың жан-жақты дамуы мен тәрбие үдерісінің негізі. Оларды бала тәрбиесіне жүйелі түрде енгізу арқылы біз ұрпақтар арасындағы мәдени-рухани сабақтастықты нығайта аламыз. Ұлттық құндылықтар балаға өзінің жеке тұлға ретіндегі маңыздылығын сезінуге және өз ұлтына деген мақтаныш сезімін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Баланың дүниетанымы мен мінез-құлқы оның қоршаған ортасы, тәрбиесі және мәдени құндылықтарды қабылдау деңгейіне байланысты қалыптасады. Ұлттық құндылықтар осы үдерістің негізі ретінде баланың өмірлік бағдарын, әлеуметтік жауапкершілігін және моральдық-этикалық қасиеттерін анықтайды.

Құндылық – мәдениеттің құрамдас бөлігі. Қандай да бір елдің рухани мәдениеті, әдебиеті мен өнері, ғылым мен техникасы, әлеуметтік жағдайы, материалдық өндірісінің ең маңызды жетістіктері ұлттық құндылықтарының мәніне ие болады және өскелең ұрпақтың азаматтық, отаншылдық, рухани-адамгершілік жан-дүниесінің қалыптасуына белсенді түрде ықпал етеді. Ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды», - деген болатын. Ал ұлттық құндылық туралы сөз болғанда, отбасы мен бала тәрбиесі туралы айтпай кете алмаймыз.

Қорытынды Асық терапиясы – тек қана ойын емес, ол баланың жан-жақты дамуына, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіне септігін тигізетін маңызды әдіс. Балалардың бойында ұлттық рух пен мәдени мұраға деген құрмет сезімін қалыптастыру үшін асық ойынын кеңінен насихаттау қажет.

Асық терапиясын жүйелі түрде білім беру процесіне енгізу арқылы балалардың интеллектуалды, физикалық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға мол мүмкіндік бар. Бұл әдісті қолдану – тек ұлттық мұраны сақтауға емес, сонымен қатар заманауи білім беру жүйесіне тиімді құрал енгізуге де септігін тигізеді. Сондықтан асық ойыны мен оның терапиялық мүмкіндіктерін болашақ ұрпақ тәрбиесінде кеңінен пайдалану маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Әбдіразақ А. «Қазақтың ұлттық ойындары». – Алматы: Атамұра, 2012.

Нұрмаханова Г. «Асық ойындары – ұлттық тәрбие құралы». – Астана, 2018.

Оразбеков С. «Қазақтың дәстүрлі ойындары». – Алматы: Рауан, 2005.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. «Мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудағы ұлттық құндылықтар». – Астана, 2021.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.